

## **"Ғарыш кеңістігін пайдалану саласындағы қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2020 жылғы 14 сәуірдегі № 140/НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 18 сәуірде № 20424 болып тіркелді.

### **ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

#### **Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 5 т. қараңыз**

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса берілген "Ғарыш кеңістігін пайдалану саласындағы қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидалары бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму, Қазақстан Республикасының Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі, Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрліктерінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Аэроғарыш комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Цифрлық даму, инновациялар және  
аэроғарыш өнеркәсібі министрі*

*А. Жумағалиев*

**"КЕЛІСІЛДІ"**

**"Ғарыш кеңістігін пайдалану саласындағы қызметті жүзеге асыруға лицензия беру"  
мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидалары**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы "Ғарыш кеңістігін пайдалану саласындағы қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 10-бабының 1) тармақшасына, "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес әзірленді және "Ғарыш кеңістігін пайдалану саласындағы қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік қызметін (бұдан әрі - мемлекеттік қызмет) көрсету тәртібін айқындайды.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 18.02.2022 № 56/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң күшіне енеді) бұйрығымен.**

2. Осы Қағидаларды мынадай негізгі түсініктер пайдаланылады:

1) Бірыңғай байланыс орталығы – мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы уәкілетті орган айқындаған, көрсетілетін қызметті алушыларға мемлекеттік және өзге де қызметтер көрсету мәселелері бойынша ақпарат, сондай-ақ мемлекеттік органдарға ақпараттық-коммуникациялық қызметтер көрсету мәселелері бойынша ақпарат беру жөніндегі ақпараттық-анықтамалық қызмет функцияларын орындайтын заңды тұлға;

2) біліктілік талаптары - өтініш берушінің және лицензиаттың жекелеген лицензияланатын қызмет түрімен және (немесе) лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрімен айналысу қабілетін сипаттайтын, лицензия және (немесе) лицензияға қосымша беру кезінде де, оның жарамдылығы уақытының бүкіл кезеңінде де қойылатын сандық және сапалық нормативтер мен көрсеткіштер жиынтығы;

3) мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты - мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, қызмет көрсету процесінің сипаттамаларын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі;

4) лицензия - жеке немесе заңды тұлғаға қауіптіліктің жоғары деңгейіне байланысты лицензияланатын қызмет түрін не лицензияланатын қызметтің кіші түрін жүзеге асыруға лицензиар беретін бірінші санаттағы рұқсат;

5) рұқсаттық бақылау - рұқсат беру органдарының рұқсат және (немесе) рұқсатқа қосымша берілгенге дейін өтініш берушінің біліктілік немесе рұқсат беру талаптарына сәйкестігін тексеруге бағытталған қызметі, сондай-ақ, олар берілгеннен кейін лицензиаттардың және екінші санаттағы рұқсатты иеленушілердің Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету;

6) "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі - портал) - нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, бүкіл шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесі болатын ақпараттық жүйе;

7) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі - ЭЦҚ) - электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгерістер енгізілді – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 28.07.2023 № 292/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

## **2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі**

3. Мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес "Ғарыш кеңістігін пайдалану саласындағы қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты) келтірілген.

Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Аэроғарыш комитеті (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

4. Мемлекеттік қызметті алу үшін жеке және заңды тұлғалар (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) көрсетілетін қызметті берушіге портал арқылы:

1) осы Қағидаларға 2-5-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша ғарыш кеңістігін пайдалану саласындағы қызметті жүзеге асыруға лицензия (бұдан әрі - лицензия) алу немесе қайта рәсімдеу үшін жеке және заңды тұлғалардың өтінішін (бұдан әрі - өтініш);

2) осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Ғарыш кеңістігін пайдалану саласындағы қызмет үшін біліктілік талаптары мен олардың сәйкестігін растайтын құжаттар тізбесіне мәліметтер нысанын жолдайды.

Көрсетілетін қызметті беруші порталға жүгінген сәттен бастап құжаттарды қарау және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін берудің мерзімі:

лицензия беру кезінде 7 (жеті) жұмыс күнін;

қайта рәсімдеу лицензиясын беру кезінде 3 (үш) жұмыс күнін құрайды.

5. Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі лицензия алу үшін құжаттар түскен күні оларды қабылдайды және тіркейді.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінішті қабылдау келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттардың, заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелгені (қайта тіркелгені) туралы, дара кәсіпкердің мемлекеттік тіркелгені туралы, бюджетке лицензиялық алымның төленгені туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттарды тапсырғаннан кейін "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызметті көрсетуге сұрау салудың қабылдағаны туралы мәртебе көрінеді, сондай-ақ мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама жолданады.

6. Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері) осы Қағидалардың 4-тармағында көрсетілген құжаттар тіркелген кезден бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың және (немесе) мәліметтердің толықтығын тексереді. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын және (немесе) мәліметтерді толық ұсынбаған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ-мен қол қойылған электрондық құжат нысанындағы өтінішті одан әрі қараудан белгіленген мерзімде дәлелденген бас тарту береді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын және (немесе) мәліметтерді толық ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері бес жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушылар ұсынған құжаттарды Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 84 бұйрығымен бекітілген Ғарыш кеңістігін пайдалану саласындағы қызмет үшін біліктілік талаптары мен олардың сәйкестігін растайтын құжаттар тізбесіне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10603 болып тіркелген) сәйкестігін тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын тексеру нәтижесінде көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы ғарыш кеңістігін пайдалану саласындағы қызметті жүзеге асыруға лицензияны не мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелдеген бас тартуды ресімдейді және көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының

ЭЦҚ-мен қол қойылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жолдайды.

"Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабының 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес көрсетілетін қызметті берушілер нормативтік құқықтық актілерде белгіленген талаптарға сәйкестігін тексеруді жүргізуге және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайларда рұқсат беруден бас тартуға уәкілетті болады.

**Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 18.02.2022 № 56/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң күшіне енеді) бұйрығымен.**

7. Ғарыш кеңістігін пайдалану саласындағы қызметті жүзеге асыруға лицензия мынадай:

1) жеке тұлға-көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты, әжесінің аты (болған жағдайда) өзгерген;

2) дара кәсіпкер - көрсетілетін қызметті алушының қайта тіркелген, оның атауы немесе заңды мекенжайы өзгерген;

3) заңды тұлға - көрсетілетін қызметті алушының қайта ұйымдастырылған;

4) заңды тұлға - көрсетілетін қызметті алушының атауы және (немесе) орналасқан жері өзгерген (лицензияда мекенжай көрсетілген жағдайда);

5) Қазақстан Республикасының заңдарында қайта рәсімдеу туралы талап болған жағдайларда қайта рәсімделуге жатады.

Көрсетілетін қызметті беруші лицензияны қайта рәсімдеуді осы Қағидаларға 4 немесе 5-қосымшаларға сәйкес жеке немесе заңды тұлғалардың лицензияны қайта рәсімдеуге арналған өтініші негізінде жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі лицензияны қайта рәсімдеуге құжаттар түскен күні оларды қабылдайды және тіркейді.

Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері жеке немесе заңды тұлғалардың лицензияны қайта рәсімдеуге арналған өтініш тіркелген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде лицензияны қайта рәсімдеу үшін ұсынылған мәліметтер мен негіздердің толықтығын тексереді, нәтижесінде лицензияны қайта рәсімдейді, не мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелденген бас тартуды қалыптастырады және көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ қол қойылған электрондық құжаты нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жолдайды.

8. Мыналар:

1) Қазақстан Республикасының заңдарында жеке немесе заңды тұлғалардың осы санаты үшін қызмет түрімен айналысуға тыйым салынған;

2) лицензиялық алым енгізілмеген;

3) көрсетілетін қызметті алушы біліктілік талаптарына сәйкес келмеген;

4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты лицензиялауға жататын қызметті немесе жекелеген қызмет түрлерін тоқтата тұру немесе оларға тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі (үкімі) болған;

5) сот орындаушысының ұсынуы негізінде сот көрсетілетін қызметті алушы-борышкерге лицензия беруге уақытша тыйым салған;

6) көрсетілетін қызметті алушы лицензия алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) анық еместігі анықталған жағдайда мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер болып табылады.

8-1. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер анықталған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ алдын ала шешім бойынша көрсетілетін қызметті алушыға ұстанымын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші ғарыш кеңістігін пайдалану саласындағы қызметті жүзеге асыруға лицензия немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тартуды береді.

**Ескерту. Қағида 8-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 18.02.2022 № 56/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң күшіне енеді) бұйрығымен.**

9. Көрсетілетін қызметті беруші ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мониторингі ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректерді енгізуді қамтамасыз етеді.

Рұқсаттар және хабарламалар мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде, оның көрсету сатысы туралы деректер мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге мониторинг ақпараттық жүйесіне автоматты түрде түседі.

**3-тарау. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушілер және (немесе) олардың лауазымды тұлғаларының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

10. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушілердің шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымды көрсетілетін қызметті берушінің басшысына, жоғары тұрған органның, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметтің сапасын бағалау және бақылау уәкілетті органның атына беріледі.

Шағым көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адамға беріледі.

Бұл ретте әкімшілік актісіне, әкімшілік әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын көрсетілетін қызметті беруші және (немесе) лауазымды адам, егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын қолайлы әкімшілік акт қабылдаса, әкімшілік әрекет жасаса, шағымды қарайтын органға шағымды жібермеуге құқылы.

Мемлекеттік қызметтерді тікелей көрсететін мемлекеттік органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес оның тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оның тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

**Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 18.02.2022 № 56/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң күшіне енеді) бұйрығымен.**

"Ғарыш кеңістігін пайдалану саласындағы қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидаларына  
1-қосымша

### **"Ғарыш кеңістігін пайдалану саласындағы қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

**Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 18.02.2022 № 56/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң күшіне енеді) бұйрығымен.**

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Аэроғарыш комитеті
2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну амалдары	Мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініштер қабылдау және нәтижелерін ұсыну <a href="http://www.egov.kz">www.egov.kz</a> " электрондық үкімет" веб-порталы арқылы (бұдан әрі – портал) жүзеге асырылады.

3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері	<p>Лицензия беру кезінде 7 (жеті) жұмыс күні;  лицензияны қайта ресімдеу кезінде 3 (үш) жұмыс күні.  Көрсетілетін қызметті беруші ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.  Ұсынылған құжаттардың толық емес болу фактісі анықталған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші өтінішті бұдан әрі қараудан уәждеделген бас тарту береді.</p>
4	Көрсету нысаны	Электрондық (толық автоматтандырылған)
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	<p>Ғарыш кеңістігін пайдалану саласындағы қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден уәждеделген бас тарту туралы жауап.  Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық.  Көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ-мен қол қойылған электрондық құжат нысанында мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының " жеке кабинетіне" жолданады және сақталады.</p>
6	Төлем мөлшері	<p>Мемлекеттік қызметті көрсету үшін жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым төленеді, ол " Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы " Қазақстан Республикасының код екісіне (Салық кодексі) сәйкес:  лицензияны бергені үшін – 186 айлық есептік көрсеткішті (бұдан әрі – АЕК);  лицензияны қайта ресімдегені үшін – республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және алымды төлеу күні қолданыстағы АЕК мөлшеріне қарай лицензия беру кезіндегі мөлшерлеменің 10 %-ын құрайды.</p>



		Төлеу екінші деңгейлі банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы қолма-қол және қолма-қол ақшасыз нысанда, сондай-ақ " электрондық үкімет" төлем шлюзінің көмегімен портал арқылы жүзеге асырылады.
7	Жұмыс кестесі	<p>1) көрсетілетін қызметті берушінің – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30 -ға дейін түскі үзіліспен сағат 9.00 -ден 18.30-ға дейін;</p> <p>2) порталдың – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерден басқа, тәулік бойы ( көрсетілетін қызметті алушы Кодекске сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініштер мен мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады ).</p> <p>Мемлекеттік қызметті көрсету мекенжайлары:</p> <p>1) көрсетілетін қызметті берушінің <a href="http://www.gov.egov.kz">www.gov.egov.kz</a> интернет-ресурсының " Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде;</p> <p>2) порталда орналастырылған.</p>
8	Мемлекеттік қызметті көрсетуге қажетті құжаттар тізбесі	<p>1) лицензия алу үшін: осы Қағидаларға 2 және (немесе) 3 -қосымшаларға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы лицензия алу үшін жеке немесе заңды тұлғасының өтініші;</p> <p>осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес ғарыш кеңістігін пайдалану саласындағы қызмет үшін біліктілік талаптары мен олардың сәйкестігін растайтын құжаттар тізбесіне мәліметтер нысаны;</p>

		<p>2) лицензияны қайта ресімдеу үшін: осы Қағидаларға 4 және (немесе) 5 -қосымшаларға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы лицензияны қайта ресімдеу үшін жеке немесе заңды тұлғасының өтініші.</p>
9	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсынадан бас тарту үшін негіздер	<p>1) Қазақстан Республикасының заңдарында жеке немесе заңды тұлғалардың осы санаты үшін қызмет түрімен айналысуға тыйым салынған;</p> <p>2) лицензиялық алым енгізілмеген ;</p> <p>3) көрсетілетін қызметті алушы біліктілік талаптарына сәйкес келмеген;</p> <p>4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты лицензиялауға жататын қызметті немесе жекелеген қызмет түрлерін тоқтата тұру немесе оларға тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі (үкімі) болған;</p> <p>5) сот орындаушысының ұсынуы негізінде сот көрсетілетін қызметті алушы-борышкерге лицензия беруге уақытша тыйым салған;</p> <p>6) көрсетілетін қызметті алушы лицензия алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің ( мәліметтердің) анық еместігі анықталған жағдайда</p>
		<p>1. Мемлекеттік қызметті көрсету мекенжайы көрсетілетін қызметті берушінің <a href="http://www.gov.egov.kz">www.gov.egov.kz</a> интернет-ресурсының " Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде орналастырылған.</p> <p>2. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда портал арқылы электрондық нысанда мемлекеттік қызметті алу мүмкіндігі бар.</p> <p>3. Көрсетілетін қызметті алушының порталдағы "жеке кабинеті" арқылы қашықтықтан</p>

10	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті, оның ішінде электрондық нысанда көрсетудің ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар	<p>қол жеткізу режимінде, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша Бірыңғай байланыс орталығынан мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты алу мүмкіндігі бар.</p> <p>4. Портал арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көзі нашар көретіндерге арналған нұсқаға қолжетімді.</p> <p>5. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтің байланыс телефондары көрсетілетін қызметті берушінің <a href="http://www.gov.kz">www.gov.kz</a> интернет-ресурсының "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде орналастырылған. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8-800-080-7777.</p>
----	--	---

"Ғарыш кеңістігін пайдалану саласындағы қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидаларына  
2-қосымша

### Лицензияны алуға арналған жеке тұлғаның өтініші

\_\_\_\_\_

(көрсетілетін қызметті берушінің толық атауы)

\_\_\_\_\_

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі )

Ғарыш кеңістігін пайдалану саласындағы қызметті жүзеге асыруға лицензияны беруіңізді сұраймын.

Жеке тұлғаның тұрғылықты жерінің мекенжайы \_\_\_\_\_

(пошталық индексі, елі, облысы, қаласы, ауданы, елдімекені, көше атауы, үй/ғимарат нөмірі)

Электрондық пошта \_\_\_\_\_ Тел (Факс) \_\_\_\_\_ Банк шоты \_\_\_\_\_

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы

---

(пошталық индексі, елі, облысы, қаласы, ауданы, елдімекені, көше атауы, үй немесе ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

\_\_\_ парақта қоса беріліп отыр.

Осымен: көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы

және оларға лицензияны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген

ақпаратты жіберуге болатындығы; көрсетілетін қызметті алушыға қызметтің лицензияланатын түрімен айналысуға сот тыйым салмайтыны; қоса берілген құжаттардың

барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы расталады;

көрсетілетін қызметті алушы лицензияны беру кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған,

заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді.

Жеке тұлға \_\_\_\_\_

---

(қолы) \_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Толтыру күні: 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

"Ғарыш кеңістігін пайдалану саласындағы қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидаларына  
3-қосымша

**Лицензияны алуға арналған заңды тұлғаның өтініші**

---

(көрсетілетін қызметті берушінің толық атауы)

---

(заңды тұлғаның (оның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы, мекенжайы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН), заңды тұлғаның БСН болмаған жағдайда - шетелдік

заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің БСН)

Ғарыш кеңістігін пайдалану саласындағы қызметті жүзеге асыруға лицензияны беруіңізді сұраймын.

Заңды тұлғаның мекенжайы \_\_\_\_\_

(шетелдік заңды тұлға үшін) пошталық индексі, елі, облысы, қаласы, ауданы, елдімекені, көше атауы, үй немесе ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

Электрондық пошта \_\_\_\_\_ Тел(Факс) \_\_\_\_\_ Банк шоты \_\_\_\_\_

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы \_

(пошталық индексі, елі, облысы, қаласы, ауданы, елдімекені, көше атауы, үй немесе ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

\_\_\_\_\_ парақта қоса беріліп отыр.

Осымен: көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы

және оларға лицензияны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген

ақпаратты жіберуге болатындығы; көрсетілетін қызметті алушыға қызметтің лицензияланатын түрімен айналысуға сот тыйым салмайтыны; қоса берілген құжаттардың

барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы расталады;

лицензияны беру кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны

құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді.

Басшы \_\_\_\_\_

(қолы) \_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Толтыру күні: 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

"Ғарыш кеңістігін пайдалану саласындағы қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидаларына 4-қосымша

**Лицензияны қайта ресімдеуге арналған жеке тұлғаның өтініші**

\_\_\_\_\_

(көрсетілетін қызметті берушінің толық атауы)

---

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі )

Ғарыш кеңістігін пайдалану саласындағы қызметті жүзеге асыруға 20 \_\_\_ жылғы " "

№ \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_ берілген,

(лицензияның нөмірі, берілген күні, лицензияны берген көрсетілетін қызметті берушінің атауы)

лицензияны мынадай негіз(дер) бойынша (тиісті жолға X қою қажет):

1) жеке тұлға - көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) өзгеруі \_\_\_\_\_

2) дара кәсіпкер - көрсетілетін қызметті алушының қайта тіркелген, оның атауы өзгеруі \_\_\_\_\_

3) дара кәсіпкер - көрсетілетін қызметті алушының қайта тіркелген, оның заңды мекенжайы өзгеруі \_\_\_\_\_

4) Қазақстан Республикасының заңдарында қайта ресімдеу туралы талап болған жағдайларда \_\_\_\_\_

5) қызмет түрінің атауы өзгеруі \_\_\_\_\_ қайта ресімдеуіңізді сұраймын.

Жеке тұлғаның тұрғылықты жерінің мекенжайы \_\_\_\_\_

---

(пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елдімекені, көше атауы, үй немесе ғимарат нөмірі)

Электрондық пошта \_\_\_\_\_ Тел (Факс) \_\_\_\_\_ Банк шоты \_\_\_\_\_

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы

---

(пошталық индексі, елі, облысы, қаласы, ауданы, елдімекені, көше атауы, үй немесе ғимарат (стационарлық үй-жайлар нөмірі)

\_\_\_\_\_ парақта қоса беріліп отыр.

Осымен: көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы

және оларға лицензияны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген

ақпаратты жіберуге болатындығы; көрсетілетін қызметті алушыға қызметтің

лицензияланатын түрімен айналысуға сот тыйым салмайтыны; қоса берілген құжаттардың

барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы расталады;

көрсетілетін қызметті алушы лицензияны беру кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған,

заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді.

Жеке тұлға \_\_\_\_\_

(қолы) \_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Толтыру күні: 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

"Ғарыш кеңістігін пайдалану  
саласындағы қызметті жүзеге  
асыруға лицензия беру"  
мемлекеттік көрсетілетін қызмет  
қағидаларына  
5-қосымша

Нысан

### **Лицензияны қайта ресімдеуге арналған заңды тұлғаның өтініші**

**Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 18.02.2022 № 56/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң күшіне енеді) бұйрығымен.**

\_\_\_\_\_ (көрсетілетін қызметті берушінің толық атауы)

\_\_\_\_\_ (заңды тұлғаның (соның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы, мекенжайы, бизнес- сәйкестендіру нөмірі (БСН), заңды тұлғаның БСН болмаған жағдайда – шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің БСН)

Ғарыш кеңістігін пайдалану саласындағы қызметті жүзеге асыруға 20\_\_ жылғы " " \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_ берілген,

(лицензияның нөмірі, берілген күні, лицензияны берген көрсетілетін қызметті берушінің атауы)

лицензияны мынадай негіз(дер) бойынша (тиісті X жолға қою қажет):

1) заңды тұлға - көрсетілетін қызметті алушы "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 34-бабында айқындалған тәртіпке сәйкес (тиісті X жолға қою қажет):

бірігу \_\_\_\_\_ қайта құру \_\_\_\_\_ қосылу \_\_\_\_\_ бөліп шығару \_\_\_\_\_ бөліну \_\_\_\_\_ жолымен қайта ұйымдастырылуы

2) заңды тұлға – көрсетілетін қызметті алушы атауының өзгеруі \_\_\_\_\_

3) заңды тұлға – көрсетілетін қызметті алушының орналасқан жерінің өзгеруі \_\_\_\_\_

4) Қазақстан Республикасының заңдарында қайта ресімдеу туралы талап болған жағдайларда \_\_\_\_\_

5) қызмет түрінің атауы өзгеруі \_\_\_\_\_ қайта ресімдеуіңізді сұраймын.

Заңды тұлғаның мекенжайы \_\_\_\_\_

(заңды тұлғаның (оның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы, БСН, заңды тұлғаның БСН болмаған жағдайда – шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің БСН)

Электрондық пошта \_\_\_\_\_ Тел (Факс) \_\_\_\_\_ Банк шоты \_\_\_\_\_

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы

\_\_\_\_\_ (шетелдік заңды тұлға үшін – елі, пошталық индексі, елі, облысы, қаласы, ауданы, елдімекені, көше атауы, үй немесе ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі) \_\_\_\_\_ парақта қоса беріліп отыр.

Осымен: көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатыны және оларға лицензияны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатыны; көрсетілетін қызметті алушыға қызметтің лицензияланатын түрімен айналысуға сот тыйым салмайтыны; қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатыны расталады; көрсетілетін қызметті алушы лицензияны беру кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді.

Басшы \_\_\_\_\_

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Толтыру күні: 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

"Ғарыш кеңістігін пайдалану саласындағы қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидаларына  
6-қосымша

**Ғарыш кеңістігін пайдалану саласындағы қызмет үшін біліктілік талаптары мен олардың сәйкестігін растайтын құжаттар тізбесіне мәліметтер нысаны**

1. Жеке тұлғалар (дара кәсіпкерлер) үшін:

1. Лицензияланатын қызмет түрінің бейіні бойынша жоғары білімінің және тиісті салада кемінде үш жыл жұмыс өтілінің болуы туралы ақпарат:



- 1) мамандығы және біліктілігі \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_;
- 2) лицензияланатын қызмет түрінің бейіні бойынша жоғары білімі туралы дипломның нөмірі және берілген күні \_\_\_\_\_;  
шетелдік ұйымдары берген білім туралы құжаттарды тану және нострификациялау бойынша мәлімет \_\_\_\_\_;
- 3) білім туралы құжатты берген ұйымның атауы, берген күні \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_;
- 4) жұмыс орны \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_;
- 5) кезеңі, атқаратын лауазымдары \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_;
- 6) жұмысқа қабылданғаны және жұмыстан босатылғаны туралы бұйрықтың нөмірі мен күні және (немесе) еңбек шартының нөмірі және күні \_\_\_\_\_;
- 7) сертификаттың, жеке куәліктің, куәліктің нөмірі, берілген күні және оны берген ұйымның атауы, сондай-ақ оқу курсының тақырыбы (болған жағдайда)  
\_\_\_\_\_;
2. Меншік құқығында немесе өзге заңды негізде техникалық-өндірістік базасының (үй-жайлардың немесе арнайы зертханалық немесе стенділік немесе өндірістік немесе технологиялық немесе сынақтық және өлшегіш жабдықтың немесе бақылау-тексеру аппаратурасының) болуы туралы ақпарат:
- 1) техникалық-өндірістік базаны сатып алу-сату немесе сыйға тарту немесе мүліктік жалға алу (жалдау) немесе ақысыз пайдалану немесе сенімгерлік басқару немесе тапсыру туралы шарттың нөмірі \_\_\_\_\_;
- 2) техникалық-өндірістік базаның немесе үй-жайдың орналасқан жері  
\_\_\_\_\_;
- 3) шарт жасасқан күн \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_;
- 4) шарт кіммен жасалды \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_;
- 5) арнайы зертханалық немесе стенділік немесе өндірістік немесе технологиялық немесе

сынақтық және өлшегіш жабдық немесе бақылау-тексеру аппаратурасы  
паспортының нөмірі және күні \_\_\_\_\_;

б) паспорт берген орган \_\_\_\_\_  
—;

7) жабдықтың тағайындалуы \_\_\_\_\_  
—;

8) сертификаттың нөмірі, күні, берген орган, салыстырып тексеру (калибрлеу)  
туралы

сертификаттың қолданыс мерзімі (болған жағдайда) \_\_\_\_\_;

3. Бекітілген техникалық жобаның болуы туралы ақпарат:

1) техникалық жобаның атауы \_\_\_\_\_  
—;

2) жобаның негізгі мақсатының қысқаша мазмұны \_\_\_\_\_  
—;

3) технологиялық процестің сипаттамасы \_\_\_\_\_  
—;

4) өндіріс өрістетілетін немесе қызметтер көрсетілетін аумақ \_\_\_\_\_  
—;

5) техникалық жобаны кім бекіткен \_\_\_\_\_  
—;

б) техникалық жобаның бекітілген күні \_\_\_\_\_  
—.

2. Заңды тұлғалар үшін:

1. Ұйым басшысында жоғары білімінің және басшы лауазымында кемінде үш жыл  
жұмыс өтілінің болуы туралы ақпарат:

1) мамандығы және біліктілігі \_\_\_\_\_  
—;

2) жоғары білімі туралы дипломның нөмірі және берілген күні \_\_\_\_\_  
—;

3) жоғары білімі туралы диплом берген оқу мекемесінің атауы \_\_\_\_\_  
—;

4) жұмыс орны \_\_\_\_\_  
—;

5) лауазымы \_\_\_\_\_  
—;

б) ұйымның орналасқан жері \_\_\_\_\_  
—;

7) жұмысқа қабылданғаны және жұмыстан босатылғаны туралы бұйрықтың нөмірі  
мен

күні және (немесе) еңбек шартының нөмірі және күні

---

\_\_\_\_\_;

8) сертификаттың, жеке куәліктің, куәліктің нөмірі, берілген күні және оны берген ұйымның атауы, сондай-ақ оқу курсының тақырыбы (болған жағдайда)

---

\_\_\_\_\_.

2. Штатта тиісті салада кемінде үш жыл жұмыс өтілімен лицензияланатын қызмет түрінің бейіні бойынша жоғары білімі бар мамандардың кемінде 10% болуы туралы ақпарат:

1) штаттық кесте бойынша мамандардың жалпы саны (бірлік) \_\_\_\_\_;

2) лицензияланатын қызмет түрінің бейіні бойынша жоғары білімі бар мамандар саны

---

\_\_\_\_\_;

3) лицензияланатын қызмет түрінің бейіні бойынша жоғары білімі бар мамандардың тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), олардың мамандықтары және біліктілігі

---

\_\_\_\_\_;

4) лицензияланатын қызмет түрінің бейіні бойынша жоғары білімі бар әрбір маманның жұмыс орны \_\_\_\_\_

---

\_\_\_\_\_;

5) лицензияланатын қызмет түрінің бейіні бойынша жоғары білімі бар әрбір маманның лауазымы \_\_\_\_\_

---

\_\_\_\_\_;

6) лицензияланатын қызмет түрінің бейіні бойынша жоғары білімі бар әрбір маманның жұмысқа қабылданғаны және жұмыстан босатылғаны туралы бұйрықтың нөмірі және күні және (немесе) еңбек шартының нөмірі мен күні

---

\_\_\_\_\_;

7) сертификаттың, жеке куәліктің, куәліктің нөмірі, берілген күні және оны берген ұйымның атауы, сондай-ақ лицензияланатын қызмет түрінің бейіні бойынша жоғары білімі бар әрбір маманның оқу курсының тақырыбы (болған жағдайда)

\_\_\_\_\_.

3. Меншік құқығында немесе өзге заңды негізде техникалық-өндірістік базасының (үй-жайлардың немесе арнайы зертханалық немесе стенділік немесе өндірістік немесе

технологиялық немесе сынақтық және өлшегіш жабдықтың немесе бақылау-тексеру аппаратурасының) болуы туралы ақпарат:

1) техникалық-өндірістік базаны сатып алу - сату немесе сыйға тарту немесе мүліктік

жалға алу (жалдау) немесе ақысыз пайдалану немесе сенімгерлік басқару немесе тапсыру

туралы шарттың нөмірі \_\_\_\_\_;

2) техникалық-өндірістік базаның немесе үй-жайдың орналасқан жері

\_\_\_\_\_;

3) шарт жасасқан күн \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_;

4) шарт кіммен жасалды \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_;

5) арнайы зертханалық немесе стенділік немесе өндірістік немесе технологиялық немесе

сынақтық және өлшегіш жабдық немесе бақылау-тексеру аппаратурасы паспортының нөмірі және күні \_\_\_\_\_;

6) паспорт берген орган \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_;

7) жабдықтың тағайындалуы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_;

8) сертификаттың нөмірі, күні, берген орган, салыстырып тексеру (калибрлеу) туралы

сертификаттың қолданыс мерзімі (болған жағдайда) \_\_\_\_\_.

4. Бекітілген техникалық жобаның болуы туралы ақпарат:

1) техникалық жобаның атауы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_;

2) жобаның негізгі мақсатының қысқаша мазмұны \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_;

3) технологиялық процестің сипаттамасы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_;

4) өндіріс өрістетілетін немесе қызметтер көрсетілетін аумақ \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_;

5) техникалық жобаны кім бекіткен \_\_\_\_\_

—;  
6) техникалық жобаның бекітілген күні \_\_\_\_\_

—.

Қазақстан Республикасының  
Цифрлық даму, инновациялар  
және аэроғарыш  
өнеркәсібі министрінің  
2020 жылғы 14 сәуірдегі  
№ 140/НҚ бұйрығына  
қосымша

**Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму, Қазақстан Республикасының Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі, Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрліктерінің кейбір күші жойылған бұйрықтарының тізбесі**

1. "Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Аэроғарыш комитеті көрсететін мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 534 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11320 болып тіркелген, 2015 жылғы 25 маусымда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

2. "Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Аэроғарыш комитеті көрсететін мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 534 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2017 жылғы 28 маусымдағы № 114/НҚ бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15407 болып тіркелген, 2017 жылғы 17 тамызда Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түріндегі эталондық бақылау банкінде жарияланған)

3. "Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Аэроғарыш комитеті көрсететін мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 534 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрі м.а. 2018 жылғы 3 қаңтардағы № 1/НҚ бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16280 болып тіркелген, 2018 жылғы 7 ақпанда Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түріндегі эталондық бақылау банкінде жарияланған)

4. "Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Аэроғарыш комитеті көрсететін мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2018 жылғы 16 наурыздағы № 42/НҚ бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16674 болып тіркелген, 2018 жылғы 4 сәуірде Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түріндегі эталондық бақылау банкінде жарияланған).

5. "Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Аэроғарыш комитеті көрсететін мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 534 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2018 жылғы 11 маусымдағы № 98/НҚ бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17136 болып тіркелген, 2018 жылғы 11 шілдеде Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түріндегі эталондық бақылау банкінде жарияланған)

6. "Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Аэроғарыш комитеті көрсететін мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенттерін бекіту және кейбір бұйрықтардың күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2018 жылғы 16 наурыздағы № 42/НҚ бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2018 жылғы 7 тамыздағы № 138/НҚ бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17412 болып тіркелген, 2018 жылғы 29 қыркүйекте Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түріндегі эталондық бақылау банкінде жарияланған).

7. "Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Аэроғарыш комитеті көрсететін мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 534 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2019 жылғы 25 шілдедегі № 175/НҚ бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19108 болып тіркелген, 2019 жылғы 7 тамызда Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түріндегі эталондық бақылау банкінде жарияланған).

8. "Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Аэроғарыш комитеті көрсететін мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенттерін бекіту және кейбір бұйрықтардың күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2018 жылғы 16 наурыздағы № 42/НҚ бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Цифрлық даму,

инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2019 жылғы 26 қыркүйектегі № 246/НҚ бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19431 болып тіркелген, 2019 жылғы 3 қазанда Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түріндегі эталондық бақылау банкінде жарияланған).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрілігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ